



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

1-сурет. Жеткіншектердің физикалық агрессия, өзін-өзі құрметтеу мен агрессиялық мінез-құлық типтерінің арасындағы салыстырмалы нәтижелер

20 жеткіншек қатысқан зерттеу олардың агрессиялық мінез-құлық типтері мен өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау үшін жүргізілген. Нәтижесінде, 9-сынып оқушыларының физикалық агрессия және өзін-өзі құрметтеу деңгейінің арасында өзгешелік бар екендігі және ашу-ыза мен өзін-өзі құрметтеу деңгейінің арасында да өзгешелік бар екендігі анықталды. Яғни, жеткіншектердің өзін-өзі құрметтеу деңгейі мен физикалық агрессия, ашу-ыза деңгейі бір-біріне тәуелсіз. Ашу-ыза, физикалық агрессия деңгейлерінің көрсеткіші өзін-өзі құрметтеу деңгейінің көрсеткішіне тәуелді емес.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Агрессия и психическое здоровье / Под ред. Академика РАМН Т.Б. Дмитриевой и профессора Б.В. Шостаковича. СПб., 2002. - 464 с.
2. Ениколопов С.Н., Цибульский Н.П. Психометрический анализ русскоязычной версии. Опросника диагностики агрессии А. Басса и М. Перри // Психологический журнал. - 2007. No 1.- С. 115–124.
3. Стивенс Х. Приручи своих драконов. - СПб., 1995.
4. Курбанова З.С.. Психологические условия развития самооценки подростков: диссертация... канд. психол. наук : 19.00.01.- Сочи, 2006.- 195 с.
5. Бэрон Р., Ричардсон Д., Агрессия. - СПб: Питер, 1997. С. 28-33.
6. Васильченко Н. А., Особенности агрессивности и образа родителей у подростков// Научная электронная библиотека. - Краснодар, 2005.
7. Чепелева Л. М., Агрессивность и особенности самосознания личности подростка// Научная электронная библиотека. 2001.

УДК 04.51.53

«СЕРПІН» БАҒДАРЛАМАСЫН ӘЛЕУМЕТТАНУЛЫҚ ТАЛДАУҒА ТАЛПЫНЫС

Иманкүл Ақнұр

a_kadirbekova_b@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
әлеуметтану (6М050100) мамандығының 1 курс магистранты
Ғылыми жетекшісі – Смағамбет Б.Ж.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламасында ел алдында тұрған бірнеше міндеттерді атап өтті. Соның ішінде, экономикалық-әлеуметтік маңызы бар бірқатар мәселелерді шешуге бағытталған, жоба жетекшілері «серпінді» деп баға берген «Серпін» бағдарламасының өзектілігі басым. Бірақ, бұл жобаның төңірегінде пайда болған әлеуметтік, экономикалық, әлеуметтік-рухани түйткілдерді терең талдауды қажет ететін мәселелер аз емес.

Біріншіден, бағдарламаны жүзеге асырмастан бұрын солтүстік, орталық, шығыс аймақтарының оңтүстік, батыс аудандарының жастарын өз территориялық аймағында қабылдауға дайын ба, жергілікті тұрғындардың қарым қатынасы және олардың тарапынан мүмкін наразылықтың болуын алдын алу үшін қандай іс-шаралар атқарылды? Осы сұраққа жауап беру қиын, себебі, бағдарлама жүзеге асырылмас бұрын, ешқандай әлеуметтанулық зерттеулер жүргізілмеді және ол жобаны жүргізудегі - басты қателік.

Біздің бақылау әлеуметтанулық әдісі арқылы жинақтаған алғашқы мәліметтерімізге сәйкес, «Серпін» бағдарламасы бойынша студенттерді қабылдаушы аймақта кеңінен таралып отырған мәселе – оңтүстіктен, батыстан келген студенттерді байырғы тұрғындардың бөтенсуі, жатсынуы. Әлеуметтанулық тұрғыдан түсіндірсек, ішкі миграцияның латентті, жағымсыз тұстары осы құбылыста көрініс тапты, аймақаралық ерекшеліктер, соның ішінде студенттерді оқу орнына қабылдаушы аймақ бұл бағдарламаның артықшылықтарының басымдығын ескеруден бас тартса, қоныс аударған жастар маргиналдану процесіне ұшырап отыр. Бұл - бағдарламаның болашақтағы алға жылжуы мен дамуы үшін кедергі туғызатын тенденция. Баспасөз беттерін талдасақ, студенттерді оқу орнына қабылдаушы аймақ тұрғындары, тілшілері жариялаған сан түрлі кереғар көзқарас тұрғысынан жазылған мақалалар, пікірлерді көруге болады. Мысалы, «Қазақстан жастарының ақпараттық қызметі» Қоғамдық қорының сайтында жарияланған «Серпін: Программа ассимиляции или автономий» мақаласы осыған дәлел бола алады. «2014 жылдан бастап Қазақстанда «Серпін-2050» мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырылып келеді, бұл бағдарлама еліміздің оңтүстік, батыс аудандарының жастарына шығыс пен солтүстік аудандарда білім алуы үшін білім гранттарын бөледі. Біз көшіп келіп жатқандар жергілікті студенттермен бірігіп кетпейтінін, тіпті кейде олардың арасында терең шиеленістер болатынын естімей тұрып, бағдарлама мақсаты игі істі көздеген сияқты болатын» [1] деп басталады мақала. Бұл мақалада студенттерге бөлінетін ақшаның көлемі мен оларға жасалатын жеңілдіктерді автор ашып көрсетіп, өзінің атынан бағдарламаның сол кездегі басшысы Мұрат Абеновке жазған хаты мен осы хатқа жазылған жауапты жариялап, жобаға қатысып отырған студенттерді автономия құрып отыр деп айыптайды. Осыған ұқсас көптеген пікірлер жазылған мақалалар мен пікірлердің көптігі сөзсіз және бұл жобаны жүзеге асырудағы дайындық жұмыстарының басынан бастап дұрыс жүргізілмегендігін, ішкі миграция тетіктері дұрыс басқарылмағандығын көрсетеді.

Екіншіден, жобаны іске асыру барысында бағдарламаға қатысу талаптары мен критерийлері ғылыми-практикалық тұрғыдан дұрыс талданды ма? Бағдарлама қабылданған соң, алда оны тез арада жүзеге асыру міндеті тұрды, сондықтан, ең алдымен сапаға емес, санға көңіл бөлінгендігі мәлім. Дегенмен, жобаның өмір сүріп отырғандығына 4 жыл болып қалды, осы уақытта бағдарлама түлектері мен нәтижелері де бар, бірақ бұл көрсеткіштер бағдарламаға қатысуға қойылған критерийлердің ғылыми тұрғыдан алдынала ойластырылмағандығын көрсетіп отыр. Ең алдымен, «Бағдарлама бойынша білім алуға кімдер түсті? Білімді жастар ма, жоқ әлде ҰБТ-ден жолы болмай, қажетті ұпай жинай алмай қалғандар ма? Бағдарлама мақсатына сәйкес сол аймақтардың экономикалық мәселесін шешуге ат салысып, еңбек нарығындағы бос орындарынды толтырғысы келетіндер ме, әлде негізгі мақсаты диплом алу болып табылатын, эгоистік мүддесін көздеген жастар ма?» - деген сұрақтарға жауап беріп көрсек. Бұл сұрақтарға жауап беру үшін бағдарлама нәтижелеріне талдау жасай келе, жоба бойынша білім алған жастардың көп бөлігінің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігі мен сол аймақтардың экономикалық сегменттеріндегі бос орындарды толтыруға ынтасы жоқ екендігін көруге болады. Бағдарлама бойынша білім беріп отырған мекеме басшыларымен сұхбаттар жүргізілген, соның нәтижесін жалпыласақ, оңтүстік өңір жастары үшін климаттық жағдайдың ауырлығы, баспананың жоқтығы, сол өңірге үйренісе алмау сияқты факторлар нәтижесінде мемлекеттік бағдарлама бойынша грант алған студенттер, оқуын аяқтап, үйіне қайтып кеткен. Қазақстандық жастар жиі пайдаланатын «Barі bar» сұрақ-жауап сайтында «Серпін 2050 жобасы туралы сұрақтар мен жауаптар» блогында сұрақтардың басым көпшілігі былай қойылған: «Тандау пәнім – Биология. Орыс тілінсіз – 57 балл. Серпін бағдарламасы бойынша қайда түсуге болады?» [2]. «Серпін» туралы елімізде мынадай қоғамдық пікір қалыптасты: аса жоғары талаптар қоймайтын, төмен немесе орта білімді оқушыларға қолжетімді, оңтүстік пен батыс аймақтардың жастарын солтүстік, шығыс, орталық облыстарға көшіре отырып, оларға артықшылықтар беретін бағдарлама. Бұл үрдістер бағдарламаның негізгі әлеуметтік-экономикалық мақсатының жүзеге аспай

отырғандығын дәлелдейді, сонымен қатар жобаны жүргізбес бұрын жастарға қойылған критерийлер мен талаптың дұрыс ойластырылмағандығын көрсетеді.

«Серпін» бағдарламасының негізгі мақсаты – еліміздің солтүстік, орталық, шығыс облыстарындағы маман тапшылығы мәселесін шешетін, білім мен ғылымда зияткерлік потенциалы жоғары кәсіби білікті мамандар даярлау, осы мақсатты жүзеге асырудың бірден-бір дұрыс жолы – жоба қатысушыларын тыңғылықты іріктеу екенін естен шығармаған жөн. Бағдарламаның еліміздің сан түрлі әлеуметтік-экономикалық мәселелерін шешудегі маңызды рөлін ескере отырып, сапалы мамандар даярлауға ерекше көңіл бөлуді естен шығармаған дұрыс. Баспасөз беттерінде жарияланған әртүрлі мақалаларды талдай келе, студенттердің біліми потенциалы мен алға қойған мақсаттарының, оларға асыра сілтеушілікпен берілетін артықшылықтар мен «беттен қақпай, еркіне жіберудің» нәтижесі қайда апаратынын жадыда сақтап, одан тиісті қорытынды шығарған жөн. Бірақ, жылдан жылға бағдарлама бойынша оқуға түсетін талапкерлерге қойылатын талаптар да өсіп келе жатқанын да айта кету керек.

Үшіншіден, бағдарлама бойынша үгіт-насихат жұмыстарының кешенді түрде, толыққанды жүргізілмей отырғандығы да жобаны жүргізудегі маңызды мәселенің бірі. Алдында сөз болған екі мәселе де осы әлі де шешілмеген сұрақтың төңірегінде пайда болғандығы мәлім. Себебі, бағдарламаның негізгі мақсаты мен позитивті тұстары еліміздің тұрғындарының басым бөлігіне түсініксіз немесе бұл жоба туралы көптеген адамдардың ақпараты жоқ. Сонымен қатар, кім және қандай жағдайда бағдарлама туралы ақпарат алады? Бағдарлама төңірегінде сапалы білім беруге кедергі келтіріп отырған негізгі себеп осы сұрақтың барысында пайда болды, себебі, бағдарлама сападан гөрі санға көңіл бөліп отыр.

«Серпін» бағдарламасы бойынша диссертациялық жұмыс жазып бастағандықтан, бағдарлама бойынша халықтың ақпараттық деңгейін, жобаға қатысты көзқарасын білу мақсатымен алдын-ала пилотажды зерттеу ұйымдастырып, шағын онлайн-сауалнама [3] жүргіздім. Алынған мәліметтер еліміздің тұрғындарының бағдарлама бойынша ақпараттық деңгейінің орташа көрсеткіші мен жобаға оң көзқарасын көрсетті.

Сонымен, зерттеу нәтижелерін интерпретациялайтын болсақ: Онлайн-сауалнамаға 60 респондент қатысты. 78% - әйел адам, 18-54 жас шамасындағы адамдар, оның ішінде 50%-дан астамы 20 жастан 30 жасқа дейінгі, 88% жоғары білімді, 63% отбасында оқушы немесе студент бала бар респонденттер. Бұл көрсеткіштер бағдарлама бойынша қызығушылықтары мен мүдделері бар адамдар – білімі жоғары, отбасында оқушы немесе студент баласы бар, орта жасы 30 дағы әйел адамдар екенін көрсетеді және бұлай болуы орынды.

Бірінші сұрақ мынадай мазмұнда болды: «Серпін» бағдарламасы туралы естідіңіз бе? Сауалнамаға қатысушылардың 55% бағдарлама туралы естігендерін, 45% хабардар еместігін айтты. Яғни бағдарлама бойынша ақпарат әлі де аз, 60 адамның 27-сінің жоба туралы ешқандай ақпаратының болмауы әлі де үгіт-насихат жұмыстары кеңістігін кеңейту қажеттігін көрсетеді.

Екінші сұрақ бағдарлама бойынша ақпаратты қайдан алғандығы туралы болды. Респонденттердің 33% таныстарынан, 15% теледидардан, 11% ғаламтордан, 11% үгіт-насихат жұмыстары нәтижесінде, 4% баспасөзден, 26% басқа ақпарат көздерінен естігендігін айтты. Осы сұрақ бойынша алынған жауаптар нәтижесінде мынадай қорытынды жасауға болады: «Серпін» бағдарламасы туралы адамдар көбінде кездейсоқ таныстарының әңгімесінен естиді, біледі. Бұл – бағдарлама бойынша ақпараттың кеңінен таралмауының бір себебі, кездейсоқтық заңдары бірде орындалады, бірде орындалмайды.

Бағдарламаға қатысты адамдардың пікірін білу мақсатында келесі сұрақ қойылды: «Серпін» бағдарламасының жүзеге асуы мен нәтижелеріне қандай баға берер едіңіз? (1-10 ұпайға дейін бағалаңыз). 53 респондент бұл сұраққа жауап берді. Нәтижесі 6,25 орташа көрсеткішті құрады. Бұл бағдарламаның әлі де болса жұмыс істеуі керек тұстарының көп

екендігін көрсетеді. Ел тұрғындарының бағдарлама туралы ақпаратының таяздығы да баға берудің объективтілігі мен әділдігіне ықпал ететінін де атап өту керек.

Зерттеу пилотажды болғандықтан, әлі де толықтыруларды қажет етеді. Алда тақырып төңірегінде эксперттік сұхбат, кең көлемді сауалнама, контент талдау жүргізілетін болады. Жалпы, бағдарлама бойынша терең әлеуметтанулық зерттеу қажет. Себебі, аймақтар арасындағы мәдени, тілдік, көзқарастар негізіндегі айырмашылықтар шиеленіс ошақтарын тудырып отыр және бағдарлама бойынша мемлекеттік грант ұтып алып, оқып, сол өңірде қалып, жұмыс жасаудан бас тартқан студенттер қаншама. Сонымен қатар, бағдарламаның экономикалық басым мақсаттарын жүзеге асыру үшін сапалы білім беру мәселесінің толыққанды орындалмауы да өзекті. Бұл мәселелер әлі де болса «жаңадан туындап отырған» және алдын алуға, тоқтатуға болатын процестер. Сол себепті, бағдарламаға терең талдау жасаудың барысында осы мәселелердің шығу тамыры мен оларды ығыстырудың жолдарын анықтауға болады деп есептеймін.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан жастарының ақпараттық қызметі» Қоғамдық қорының сайты: <http://misk.org.kz/events/085ae9c0-c151-42dc-8fb6-d9fffa633b9/>;
2. «Bari bar» сұрақ-жауап сайты: <https://surak.baribar.kz/>;
3. «Simpoll» онлайн-сауалнама жүргізетін ғаламтор-ресурс: <http://simpoll.ru/surveys/content/104506>.

УДК 364.044

«МЕТОД РАБОТЫ С ИНДИВИДУАЛЬНЫМ СЛУЧАЕМ» КАК ИСТОРИЧЕСКИ ПЕРВЫЙ МЕТОД СОЦИАЛЬНОЙ РАБОТЫ

Исабаева Шынар Суиндиковна

Старший преподаватель кафедры социологии ЕНУ им. Л. Н. Гумилева

Турсын Жанель Бекзатқызы

tursyn_j@mail.tu

Студент 2 курса, специальности «Социальная работа» ЕНУ им. Л. Н. Гумилева

Метод в широком смысле означает сознательный способ достижения какого-либо результата, решения некоторых задач и предполагает конкретную последовательность действий на основе четко осознаваемого, контролируемого плана в самых разных видах познавательной и практической деятельности. Степень осознанности и контролируемости плана может быть различной. Однако осуществление деятельности на основе того или иного метода предполагает осмысленное соотнесение способов действия субъектов этой деятельности с реальной ситуацией, оценку их эффективности, критический анализ и выбор различных альтернатив действия и пр. Разработка и применение того или иного метода связаны с рационализацией деятельности, с рефлексией над ее предпосылками. Методы могут сильно варьироваться в зависимости от типов деятельности и сфер, в которых они применяются. Основу теории социальной работы составляет изучение ее методов. Современная теория социальной работы не имеет единой общепризнанной классификации методов. Методы, предложенные М. Ричмонд, были взяты за основу дальнейшего развития и трансформировались в последующем в индивидуальный, групповой и общинный методы социальной работы, признанные впоследствии классическими. Под методами социальной работы понимаются специфические способы вмешательства (посредничества), осуществляемые на различных уровнях – индивидуальном, групповом, общинном [1]. Индивидуальная социальная работа – вид деятельности, используемый социальными работниками для помощи индивидам и семьям в решении психологических, межличностных, социально-экономических проблем путем личного взаимодействия с клиентом. В литературе